



ШЕШІМ

2020 жылғы 22 желтоқсандағы

Сарыағаш қаласы

РЕШЕНИЕ

№ 59-520-VI

город Сарыағаш

2021-2023 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 9-бабының 2-тармағына, 75-бабының 2-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 1) тармақшасына және Түркістан облыстық мәслихатының 2020 жылғы 11 желтоқсандағы №54/557-VI «2021-2023 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5953 тіркелген шешіміне сәйкес, Сарыағаш аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Сарыағаш ауданының 2021-2023 жылдарға арналған аудандық бюджеті 1, 2 және 3 – қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2021 жылға мынадай көлемде бекітілсін:

- 1) кірістер – 32 888 224 мың теңге:
 - салықтық түсімдер – 3 401 099 мың теңге;
 - салықтық емес түсімдер – 1 073 мың теңге;
 - негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 35 000 мың теңге;
 - трансферттер түсімі – 29 451 052 мың теңге;
- 2) шығындар – 32 888 224 мың теңге;
- 3) таза бюджеттік кредиттеу – 212 647 мың теңге:
 - бюджеттік кредиттер – 262 530 мың теңге;
 - бюджеттік кредиттерді өтеу – 49 883 мың теңге;
- 4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 теңге:
 - қаржы активтерін сатып алу – 0 теңге;
 - мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;
- 5) бюджет тапшылығы (профициті) – - 212 647 мың теңге;
- 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 212 647 мың теңге:
 - қарыздар түсімі – 262 530 мың теңге;
 - қарыздарды өтеу – 49 883 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 0 теңге.

2. 2021 жылы облыстық бюджетке жалпы түсімдер сомасынан ірі кәсіпкерлік субъектілерінен және мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, заңды тұлғалардан алынатын корпоративтік табыс салығы 50 пайыз, төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы 50 пайыз, әлеуметтік салықтан 50 пайыз және төлем көзінен салық салынбайтын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы 50 пайыз мөлшерінде бөлу нормативі белгіленсін.

3. 2021 жылы облыстық бюджеттен ауданның бюджетіне берілетін бюджеттік субвенция көлемі – 23 133 322 мың теңге болып белгіленсін.

4. 2021 жылға аудандық бюджеттен ауылдық округтер бюджеттеріне берілетін субвенциялар мөлшерінің жалпы сомасы 225 878,0 мың теңге болып қарастырылсын:

Жемісті ауылдық округі	18 386,0 мың теңге;
Қызылжар ауылдық округі	16 889,0 мың теңге;
Дарбаза ауылдық округі	17 618,0 мың теңге;
Жібек жолы ауылдық округі	19 691,0 мың теңге;
Құркелес ауылдық округі	10 509,0 мың теңге;
Дербісек ауылдық округі	9 389,0 мың теңге;
Ақжар ауылдық округі	20 265,0 мың теңге;
Қабланбек ауылдық округі	16 466,0 мың теңге;
Тегісшіл ауылдық округі	19 693,0 мың теңге;
Жылға ауылдық округі	16 129,0 мың теңге;
Көктерек кенті	31 853,0 мың теңге;
Жарты төбе ауылдық округі	13 517,0 мың теңге;
Әлімтау ауылдық округі	15 473,0 мың теңге.

5. Ауданның жергілікті атқарушы органының 2021 жылға арналған резерві 75 135 мың теңге сомасында бекітілсін.

6. Бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) іске асыруға және заңды тұлғалардың жарғылық қорын қалыптастыруға немесе ұлғайтуға бағытталған, бюджеттік бағдарламалар бөлінісінде 2021 жылға арналған даму бағдарламаларының тізбесі 4-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

7. 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 139 бабының 9 тармағына сәйкес, 2021 жылға ауылдық жерде аудандық бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдарда жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру және мәдениет саласындағы мамандарға қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын азаматтық қызметшілердің айлық ақыларымен және мөлшерлемелерімен салыстырғанда жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлық ақылары мен тарифтік мөлшерлемелер белгіленсін.

8. «Сарыағаш аудандық мәслихат аппараты» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті» Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімді оның ресми жарияланғаннан кейін Сарыағаш аудандық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

9. Осы шешім 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

**Аудандық мәслихаттың
сессия төрағасы**

Ш.Жарылкасымов

**Аудандық мәслихат хатшысының
міндетін уақытша атқарушы**

К. Пердекулов

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
облысының/қаласының Әділет департаменті
Нормативтік құқықтық акті 31.12.2020
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік
тіркеудің тізіліміне № 6003 болып енгізілді

Результаты согласования

ГУ "Аппарат Сарыагашского районного маслихата" - Главный специалист-юрист Сабит Улугбекович Манапов, 31.12.2020 12:14:34, ЭЦҚ тексерудің оң нәтижесі

ГУ "Аппарат Сарыагашского районного маслихата" - Аудандық мәслихат хатшысының міндетін уақытша атқарушы Кайрат Куралбаевич Пердекулов, 31.12.2020 12:15:23, ЭЦҚ тексерудің оң нәтижесі

ГУ "Аппарат Сарыагашского районного маслихата" - Аудандық мәслихаттың сессия төрағасы Шайхслам Омарович Жарылкасымов, 31.12.2020 12:16:16, ЭЦҚ тексерудің оң нәтижесі

Департамент юстиции Туркестанской области - Руководитель Мухит Бекетович Тургараев, 31.12.2020 12:56:29, ЭЦҚ тексерудің оң нәтижесі